

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «8D02209-Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған

Монтанай Элмира Әзімбайқызының

«Қазақ және түрік этностарының ұлттық киім дискурсын қалыптастырудагы лингвомәдени компоненттер» атты диссертациялық жұмысына отандық ғылыми жетекші

ПІКІРІ

Э.Ә.Монтанайдың «Қазақ түрік этностарының ұлттық киім дискурсын қалыптастырудагы лингвомәдени компоненттер» атты зерттеу жұмысы кіріспе, үш тарау және қорытындыдан тұрады. Кіріспеде ғылыми жұмыстың мақсат-міндеттері, өзектілігі, жаңалықтары мен тұжырымдамалары негізделе көрсетілген.

«Ұлттық киімді мәдениеттану және лингвистикалық тұрғысында талдаудың теориялық негіздері» деп аталатын тарауда ұлттық киім артефакт ретінде анықталып, оның материалды және идеалды жағына қатысты М. Коул, М. Вартофский, А.А.Уфимцева сияқты ғалымдардың теориялық негіздеріне сүйене отырып, номинация, семантика, контекст тұрғысында сипатталды. К.Леви-Строс, М. Фуко, К. Гирц ғалымдарының құрылым, дискурсивті формация, интерпретацияға қатысты концепциялары басшылыққа алынып, киімнің мифологемалық, культуроремалық табигаты сараланып, дискурс және оның компоненттері айқындалды. Докторант лингвомәдениеттану саласында зерттеулер жүргізген ғалымдар тұжырымдарына шолу жасап, ұлттық киімнің халық дүниетанымындағы мәнін анықтауға талаптанған. Осы тарауда ұлттық киімнің қалыптасу тарихы мен локальдық ерекшеліктері жеке қарастырылып, қазақ пен түрік киімдерінің дамуына ықпал еткен тарихи, экономикалық факторлар анықталды. Сонымен қатар түрік ұлттық киімнің аймақ-аймақтан көп өзгешеленетіні байқалды. Мысалы, қазақтың ұлттық киімінде біркелкілік байқалса, түріктердің киімдерін біркелкі тұрғысында қарастыру киындыққа соқты. Генезисі бір екі халықтың ұлттық киімі арқылы сыртқы факторлардың қаншалықты ықпалы күшті екені айқындалды. Тіпті түрік халқының ұлттық киімі көршілес халықтардың ықпалына, сондай-ақ Осман империсының мұсылмандылықтың тірегі болғандықтан, діни киімнің ұлттық киімнің мән-мазмұнын көп өзгерктені байқалды. Қазақ киімдері көшпелі тұрмыс салтына байланысты түркілік киім үлгілерін сақтап қалса, түркі халқының өмір салтындағы өзгерістер киімде айқын көрініс берген деген тұжырымға келдік.

«Ұлттық киім компоненттерінің концептік мәні» деп аталатын тарауда қазақ және түрік халықтарының ұлттық киім атаулары сыныпталып, ұқсастықтар мен айырмашылықтары мақал-мәтеддер, идиомдар арқылы зерделенді. Ұлттық киімнің концептік мәні фразеологияда анық көрініс беретіні анықталды. Докторант қазақ және түрік сөздіктерін барынша қарастырып, киім атауларына қатысты мақал-мәтеддер мен идиомдарды іздестіруде, талдауда өзінің ғылыми деңгейінің жоғары екенін көрсетті.

Үшінші тарауда Э.Монтанай ұлттық киімдердің мәдени аспектісін салт-дәстүрлер мен әдет-ғырыптар аясындағы қолданысымен байланыстыра қарастырды. Ұлттық киімнің халық дүниетанымындағы орнын салт-дәстүрлердің сакральды мәнін сақтауышы символ тұрғысында қарастырау барысында көптеген қызықты мағлұматтар ұсынады. Осы тарауда ұлттық киімнің айшықтаушы элементтеріне тоқтала келе, жаһандану заманындағы қазақ және түрік халықтарының ұлттық киімдерінің боашағын болжауға арнайды.

Ғылыми жетекші тарапынан Э.Монтанайдың көп ізденіп, өз пікірі негізінде ғылыми тұжырымдар жасай алатынын айғақтаймын.

Жұмыс ғылыми диссертацияға қойылатын талапқа сай жазылған. Ғылыми нәтижелері лингвомәдениеттану, тіл білімі сияқты салаларға өз үлесін қосады деген сенімдемін.

Отандық ғылыми жетекші ретінде Э.Монтанайдың «Қазақ және түрік этностарының ұлттық киім дискурсын қалыптастырудың лингвомәдени компоненттер» тақырыпта дайындаған зерттеуін диссертациялық кеңеске ұсынуға лайық деп есептеймін.

Отандық жетекші:

ҚазҰУ, Шығыстану факультеті,
Таяу Шығыс және Онтүстік Азия кафедрасының
доценті, филология ғылымдарының кандидаты

А.К.Ахметбекова

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кадрларды
дағылау және аттесттаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
 2006 ж.т.

